

закон нуждается в корректировке. Имеется необходимость в законодательном закреплении норм о возможности производства личного обыска в органе уголовного преследования до составления протокола о задержании, а также в исключении личного обыска, проведенного вне органа уголовного преследования, из следственных действий, протоколы которых составляются в ходе их производства или непосредственно после окончания.

В связи с изложенным можно заключить, что приведенный вариант решения названной проблемы нуждается в дальнейшем развитии посредством конкретизации определения понятия и процессуального статуса лица, заподозренного в совершении преступления, в отношении которого предпринимаются изобличающие действия применительно к рассмотренным нами выше ситуациям. Это связано, в первую очередь, с тем, что задержание лица по подозрению в совершении преступления обусловлено общественной опасностью преступлений, необходимостью исключения на первоначальном этапе расследования уголовного дела возможностей такого лица использовать свое служебное положение, авторитет, «связи», в том числе криминальные, и иные рычаги давления на свидетелей, предпринять действия по сокрытию следов преступления, незаконно полученных доходов и совершения иных действий, препятствующих эффективному раскрытию и расследованию преступлений.

Список литературы:

1. Обеспечение законности в уголовно–процессуальной деятельности органов внутренних дел / И. В. Данько; Под ред. Л.И.Кукреш.– Минск: Акад. МВД Респ. Беларусь, 2003. – 75 с.
2. Гридюшко П.В., Мелешко В.В. Иные меры уголовно-процессуального принуждения: монография. – Минск, 2010. – 158 с.
3. Деятельность органов уголовного преследования Министерства внутренних дел в стадии возбуждения уголовного дела / И.В.Данько, В.М.Орловский, О.Г.Шевченко.– Минск : Акад. МВД Респ. Беларусь, 2008. – 121 с.
4. Мытник, П.В. Следственные действия: Учеб. пособие / Под науч. ред. И.И. Басецкого. – Минск, 2005. – 111 с.
5. Мытник, П.В. Уголовный процесс: Судебные стадии: Лекции. – Минск, 2001. – 288 с.

ҚИНАУДЫҢ ҚЫЛЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ҰҒЫМЫ

*Машабаев А.Ж., қылмыстық құқық және криминология кафедрасының меңгерушісі,
з.ғ.к., доцент, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ
Армиева А.Ж., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Соңғы кездері денсаулыққа қарсы қылмыс деп танылатын қинау үшін көзделген қылмыстық жауапкершілік мәселесіне заң әдебиетінде назар аударыла бастады. Осы уақытқа дейін қылмыстық құқық теориясында заң шығарушылық және құқық қолдану практикасының талабын қанағаттандыратындай, қинауды басқа зорлықты қылмыстардан ажыратуға мүмкіндік беретіндей бірыңғай және ауқымды ұғым жоқ.

Бұл қылмыс адамға қарсы жасалатын басқа зорлықты қылмыстармен тығыз байланысты. Мысалы, адам ұрлау (125-бап), бостандықтан заңсыз айыру (126-бап), кепілге алу (261-бап) сияқты қылмыстар жасағанда айыпты өзіне көрсетілген қарсылықты басу үшін жәбірленушіні ұрып-сабайды, оның жанына бататындай басқа да зорлықты әрекеттер жасайды.

«Адамға зорлықты ықпал көрсету дегеніміз - оны өзінің ырқына қайшы келетін қандай да бір әрекетке мәжбүрлеу», - дейді А.А. Пионтковский [1;50]. Зерттеу барысында көбіне бопсалаушылықпен байланысты «тапсырысты» қинау болатындығы анықталды. Сол себепті қинауды қоғамға аса қауіпті қылмыстар қатарына жатқызу керек.

Бірқатар авторлар ұрып-соғу мен қинауды ұқсас қылмыстар деп санайды [2; 55].

Бұл қылмыстық-құқықтық нормалардың мазмұны мен құрылымына тән заңдылықтарды, бұл қылмыстық құрамды басқа қылмыстар құрамдарынан ажырататын критерийлерді, мұндай әрекеттер үшін жауапкершілік көзделген заңдардың даму үрдісін және оларды ары қарай жетілдірудің мүмкіндіктерін анықтау қинау ұғымы мәселесінің мәні болып табылады.

Адамның денесіне жарақат салып қана емес, оны басқадай жолменде - шымшылап, шашын жұлып, сырт қарағанда ешқандай анатомиялық өзгеріс көрінбейтіндей тәсілдермен де жан ауыртуға

болады. Р.Д. Шараповтың айтуынша, «патологиялық күйге түсіріп адам денсаулығына зиян келтіргенде оның жанына ауыртпашылық батады» екен [2; 57].

Айыптының әрбір нақты жағдайындағы пиғылына қарай ұрып-соғуды қинаудан ажыратқан дұрыс. Айыптының ойы: не ұзақ уақыт күйзелту немесе бір-екі рет ұрып қоя салу.

Сонымен қатар, қинаған кезде зорлықты әрекеттің екінші формасы - психикаға қысым жасау болуы мүмкін. Күш көрсету арқылы тәнге және психикалық зорлық («немесе» деген одағайға қарамастан) өзара тығыз байланыста болады, ол айыптының санасынан шықпайды.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында, егер ұдайы ұрып-соғу немесе өзге зорлықты әрекет тән және жан күйзелісін тудырса, бірақ ҚК-тің 103-104-баптарында көрсетілген салдарға алып келмесе, яғни денсаулыққа ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтірмесе, ондай әрекеттер қинау деп саналады. Қазақ КСР-нің 1959 жылғы Қылмыстық Кодексінің 99-бабы «қасақана ұрып-соғудың не басқадай зорлықты әрекеттің салдарынан тән күйзелсе» болғаны соны қинау деп саналады. Мұндай пікір қуқық қолдану практикасында да болды. Бұл қылмыстың қоғамға қауіптілігі сонда - ол жәбірленушіге тән және жан күйзелісін келтіре отырып, оның денсаулығына елеулі зиян жасайды.

С.И. Ожегов «қинау» сөзіне адамды «өте қатыгездікпен қинау» деп түсініктеме береді [3. 67].

«Аса қатыгездік, келемеждеу, қорлау, қинау ұғымдары арқылы әрекет бағаланады, бұлар бірін-бірі толықтыратын ұғымдар», - дейді С.В. Расторопов.

Аса қатыгездікке айыптының жәбірленушіге қатысты қинаудың ерекше тәсілін қолданғандығы жатады. Ол кең ұғымдағы түсінік, оған «азаптау» да кіреді. Жанға бататындай етіп неше қайтара ұрып-соғу қинау деп саналады.

Р.Д. Шараповтың пікірінше, қинау дегеніміз - адамның денесіне тигізіп оған жанға бататындай әсер ету (шымшу, шаншу, күйдіру, тоқпен құлату), сондай-ақ нерв жүйесін күйзелту [3: 54].

Ал, П. Константиновтың анықтамасы бойынша, қинау дегеніміз - «артына ешқандай салдар қалдырмайтындай етіп ұрып-соғу және өзгедей зорлықты әрекеттер арқылы адамды әдейі жан және тән күйзелісіне ұшырату». И. Самолук қинауды «жәбірленушіге тән және жан күйзелісін келтіру арқылы денсаулыққа қасақана қастандық жасау», - деп санайды [4: 27].

Күшіндегі қылмыстық заңнамада ұрып-соғу ұғымын берерін зорлықты әрекеттің ұдайы қайталануы қинаудың міндетті белгісі болып табылады.

Ресейдің 1960 жылғы Кодексіне берілген түсініктемеде қинау - ұдайы, яғни неше қайтара ұрып-соғу, денеге жарақат салу не адамның жан-тәнін едәуір күйзелтетіндей басқа зорлықты әрекеттер (суық, қараңғы жерге қамап қою, ашықтыру және т.б.) жасау делінген.

А.Д. Тартаковскийдің пікірінше, «тек ұдайы жасалған зорлықты әрекет ғана тән және жан күйзелісін күшейтетін қинауға алып келеді» [5; 125].

Сонымен, қинаудың екі белгісі бар:

- 1) ұдайы ұрып-соғу;
- 2) күш көрсету арқылы тәнге немесе психикалық күйзеліске ұшырату.

Ұрып-соғу ұдайы болу үшін ондай әрекет бір адамға қатысты неше қайтара (кемінде үш рет) жасалуы тиіс [5;123].

П.Константиновтың пікірінше, ұрып-соғудың ұдайы болуы үшін үш және одан көп рет жасалған ондай әрекеттің қысқа мерзімде жасалуы міндетті емес.

Ұдайылық белгісі бар азаптауға сипаттама беру үшін жәбірленушінің жанына батқан ұрып-соғудың әрбір эпизодтарының арасында қанша уақыт өтуге тиіс екендігі туралы мәселенің басын ашу керек. Айыптының әрекетін ұдайы деп саналауға негіз болатын эпизодтардың арасында қылмыстық жауапқа тарту мерзімі ескіргені болса, денеге жеңіл жарақат түсірген ұрып-соғу қинау деп саналмайды.

Ұрып-соғудың ұдайылығын қинауға қатысты алатын болсақ, ол қандай да бір зорлықты әрекеттердің жәй неше рет қайталануы емес, мұнда айыптының жәбірленушіні күйзелту мақсатында жасаған зорлықты әрекеттері өзара байланыстағы, біртұтас жүйені құруға тиіс. Сондықтан да үш және одан көп рет жасалған зорлықты әрекеттердің барлығы бірдей қинау ретінде саналанбайды. қинау көбіне ұқсас, біртекті, бір пиғылмен жасалатын бірнеше әрекеттерден тұратындықтан, оны жалғасқан қылмыстар қатарына жатқызған жөн.

И.ГТ. Портновтың ойынша, қинтау деп санау үшін ұрып-соғу эпизодтарының арасында, жәбірленуші алдыңғыдан әлі айыға қоймағандай аз уақыт (күн, апта) болуға тиіс.

Ал, Р.А. Базаровтың «жәбірленушіні ұрып-соғу фактілерінің арасында ұзақ уақыт өткенмен, егер олардың өзара байланыстылығы болса, сот практикасы мұндай қылмыста қинау құрамы бар деп санайтындығына» назар аударады [4; 20].

Қылмыс құрамы болуы үшін барлық эпизодтардың іштей өзарабайланысты екендігі, олар қылмыскердің жәбірленушіге күйзеліс келтіруді ойлаған пиғылынан туындайтындығы дәлелденуге тиіс.

«Кейбір жағдайда бір жолғы жеңіл дене жаракатының өзі адамның күйзелісін тудырады (мысалы, денені күйдіру), оны қинтау деп саралау керек», - дейді Н.И. Загородников.

Қинау кезіндегі күйзеліс бір рет урып-сабағаннан өзгеше. Сондықтан да автор бір жолғы әрекеттің өзімен де аса күйзеліс тудыруға болады деген Н.И. Загородниковтың ұстанымын қолдайды. Соған байланысты ұдайылық белгісін - ұрып-соғу ұғымымен қамтылмайтын зорлықты әрекеттер деп қана қарау керек.

Т.Караевтың пікірінше, «ұдайы болу үшін бір пиғылмен жасалған әрекеттер саны белгілері болуға тиіс»[6; 89].

Біздің қарастырып отырған қылмыста ұрып-соғудың үш құрамы болуға тиіс. «Ұдайылық» терминінің толықтай ашылмауы бұл қылмысты саралауда қиындық тудырып отыр, содан барып қинау сот пен тергеу органдарының саралау практикасынан шығып қалуда», - дейді Т.Г. Даурова [6; 90].

ҚК-нің 110-бабының қазіргі редакциясына қатысты алатын болсақ қинауда сандық белгімен қатар (кемінде үш рет) сапалық мазмұн да болуға тиіс, ол жәбірленушінің жанын да, тәнін де күйзелтетіп әрекеттерден көрініс табады. Қинаудың мұндай сапалық мазмұны екінші белгіге жатады.

Біздің пікірімізше, ұдайылық белгісін қинау ұғымынан алып тастау керек. Өңгіме ұрып-соғудың бір, екі немесе үш қайтара жасалғандығында емес, жәбірленушіге ұзақ уақыт күш көрсету арқылы тәнге және психикаға қысым арқылы күйзеліске түсіру мақсатындағы пиғылда. Бұл айыптының әрекетін, жөні болса да, болмаса да қинау деп саралаудан сақтандырады.

И.П. Портновтың да ұстанымы осындай. Автордың пікірінше, үздік-үздік эпизодтардың жиынтығы емес, біраз уақытқа созылған үздіксіз қылмыстық әрекет ғана қинау болады. Егер күйзеліс тез өте шықса, онда ол қинауға жатпайды.

Практика көрсетіп отырғандай, қылмыскерлер жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірумен шектелмейді, оны азаптауға, күйзелтуге, жанын, тәнін ауыртуға ұмтылады. Олар қоғам үшін аса қауіпті қатыгездік мінез танытады.

ҚК-нің 110-бабында қинау ұдайы ұрып-соғу және басқа да зорлықты әрекеттер арқылы жасалады делінген, бірақ ол әрекеттердің мазмұны қылмыстық заңда ашылмаған.

Қылмыстық-құқықтық әдебиетте өзге де зорлықты әрекеттерге адам жанын ауыртатын неше қайтара немесе ұзақ уақытқа созылатын әрекеттер (ұру, соғу, шымшылау, тістелеу, отқа күйдіру және т.б.), сондай-ақ ашықтыру, шөлдету, денсаулыққа зиянды жерде ұстау жатады.

П. Константиновтың пікірінше, зорлықты әрекеттерге тек күш көрсету ғана емес дәрі-дәрмек немесе өзгедей зиянды нәрселер ішкізіп адамның ішкі органдарын жаракаттау да жатады. Мұндай препараттарды зорлап немесе алдап бергендігінің бұл жерде маңыздылығы жоқ.

Қинаудың құрамы болу үшін, - дейді П. Константинов, - мұндай препарат жәбірленушіге оны күйзелту мақсатында берілуі тиіс. А.Д. Тартаковский психикалық қысым жасау тәсілдерді де өзге зорлықты әрекеттер қатарына жатқызады.

Зерттеушінің пікірінше, қинау ұғымынан ұрып-соғудың ұдайы болу белгісін ғана емес, «өзге де зорлықты әрекеттер» фразасын да алып тастау керек, оның орнына «зорлықты әрекеттер немесе әрекетсіздік» сөздерін қолданған жөн.

Орыс тілінің Түсініктеме сөздігінде жан, тән ауырған сәттерге күйзеліс деп анықтама берген.

«Жәбірленушінің ағзаның табиғи физиологиялық қажеттілігін қанағаттандыру мүмкіндігінен айырылуын (ас- сусыз қалу, ұйықтай алмау, суық немесе қапырық жерде ұстау және т.б.) қиналу деп ұғыну керек», - дейді Р.Д. Шарапов [3;110].

Ашығып, шөлдеп, тоңып қиындық көру де күйзеліске жатады деп санайды И. Самойлюк.

Р.Д. Шараповтың пікірі де осындай және ол адамның нерв жүйелеріне теріс әсер ететін есірткі, ұытты заттарды еріксіз қолданудан да күйзеліс тудыруға болады дейді, бірақ ол мұны психикалық күйзеліске жатқызбайды.

Л. Д. Гаухман адамды естен тандыратын заттар қолдануды зорлықты әрекеттер деп санайды [7; 59].

Ал, Л.В. Сердюк, керісінше - «естен тандыратын заттар адамға әрқалай әсер етеді, одан адам ағзасының жалпы жағдайы емес, ағзаның психикалық қызметі ғана бұзылуы мүмкін», - дейді.

Тәннің ауыруы да, жанның ауыруы да күшпен қысым жасаудың салдары болып табылады, ол денсаулыққа еңбек қабілетінен айырмайтындай зиян келтірудің түрлері, — дейді Р.Д. Шарапов.

Тәннің ауыруы тән күйзелісіне алып келеді, - дейді Я. Константинов. Ал, психикалық күйзелісте адамның психикасына нұқсан келеді. Қылмыстық құқық ғылымында ұзақ уақыт тәннің ауыруы тән күйзелісіне алып келеді деген пікір бар.

Зерттеуші психиканың және тән күйзелісінің сипаттары әртүрлі, сондықтан да әрбір нақты жағдайға өзінше қарау керек деп санайды.

Психикалық зорлықты ҚК-нің 110-бабының диспозициясы қарастырмайды, ол өзге зорлықты әрекеттер ұғымына жатпайды. Психикалық зорлыққа қорқыту жатады, ол өзінше бөлек белгі ретінде алынған. Қорқыту, мысалы, өлтіремін деп қорқыту, жәбірленушіге психикалық күйзеліс алып келгенмен, айыптының әрекеті 110-бапта көзделген қылмыс құрамының белгілерін бермейді, - дейді П. Константинов.

Бұл жерде қорқыту арқылы психикалық күйзеліс келтіруге бола ма? — деген мәселе туындайды. Автордың пікірінше, қорқытудан адамның үрейін ұшыруға болады, бірақ күйзеліс болмайды. Сондықтан да, заң шығарушының мұндай психикалық зорлықты күш көрсету арқылы және психикалық қинауға жатқызбайтындығы дұрыс.

Ал, отбасында отағасының ішімдік ішіп алып әйелінің, балаларының жүйкесін тоздыратын әрекетін психикалық зорлықты әрекет деуге болады.

Мұндай факторларды қинау деп санауға болмайды, себебі ондай заңсыз әрекетте күш қолдану жоқ, сондықтан да бұл жерде ол қылмыстық құрамның міндетті белгісі кездеспейді.

Күш қолданылған зорлықты әрекет болмағандықтан құқық қорғау органдарының психикалық күйзеліс жасау мақсатының болған-болмағандығын дәлелдеуі оңайға түспейді.

А.Д. Тартаковскийдің пікірінше, өзара қорлауда, төбелесте бірін-бірі қинау, күйзелту пиғылы болмаса, ондай әрекет қинауға жатпайды [7; 83].

Физикалық және психикалық күйзелістер ұрып-соғу нәтижесінде де болуы мүмкін, бірақ оларда бір жолғы және қысқа уақыттық сипат болады.

Сондықтан да іс-әрекетті ҚК-нің 110-бабы бойынша саралау үшін физикалық және психикалық күйзеліс қалайда ұзаққа созылуы тиіс, сонда ғана жәбірленуші айыптының алдында зәресі ұшып қиналады. Қинау кезінде қылмыскер қолындағы адамға ұдайы қысым жасайды және ол бұрын ұрып - қарақаттаған жеріне қайтадан соққы жасап жәбірленушінің жанын аса күйзелтуі мүмкін.

ҚК-нің 110-бабының диспозициясына күш көрсету арқылы тән және психикалық күйзеліс келтіруді мақсат тату және денсаулыққа жеңіл зиян келтіру сияқты міндетті белгілерді қосу керек. Мұндай ұсынысты анкета арқылы жауап алынған респонденттердің 56%-ы қолдады.

Сонымен, автор «қинауға» жаңа ұғым беріп, 110-баптың I-бөлігінің диспозициясын өзгертуді ұсынады:

- Қинау, яғни жәбірленушіге күш көрсету арқылы тәнге және психикаға күйзеліс келтіру мақсатында зорлықты әрекет жасау немесе әрекетсіздік көрсету, сондай-ақ осы Кодекстің 106-107-баптарында көрсетілген салдарға алып келмейтін ұзақ уақыт күйзеліске түсіру, - ... жазаланады.

Саралаушы белгі деп денеге жарақат салудың тәсілі ретінде қинауды енгізу туралы автор ұсыныс береді. Әңгіме зорлықты қылмыс жасаудың бір тәсілі болып табылатын қинау жайында болғандықтан саралаушы белгілердің редакциясын өзгерткен дұрыс деп санайды автор.

Әдебиеттер тізімі:

1 Уголовное право Республики Казахстан: Особенная часть в 2 т. Учеб. Для вузов/Отв. ред.И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев, А.И. Коробеев. – Алматы: Жеті Жарғы, 2017. – 500 с..

2 Шарапов Р.Д. Физическое насилие в уголовном праве.- СПб., 2001. - 150 с.

3 Шарапов Р.Д. Квалификация преступлений, совершенных с применением физического насилия. - Тюмень, 2001. - 162 с..

4 Константинов П. Уголовная ответственность за истязание // Законность. - 2000.- № 4. - С.27.

5 Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Особенная часть (том 2). – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 1120 с.

6 Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: Дәрістер баяны / И.Ш. Борчашвилінің және Р.А. Құлжақаеваның жалпы редакциялауымен.-Алматы: Фолиант, 2007.-610 б.

7 Чечель Г.И. Уголовная ответственность за истязания // Актуальные вопросы правоведения в период соверш. гражд.общества. - Томск, 2001. - С. 168.